БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ БУРЛИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«11» қыркүйек 2025 ж. № 316

Ақсай қ.

Жергілікті атқарушы органының шұғыл шығындарға арналған резервінен қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексін және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының жоспардан тыс 2025 жылғы 16 шілдедегі № 5 хаттамасының негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті атқарушы органының резервінен 31 591,0 (отыз бір миллион бес жүз тоқсан бір) мың теңге сомасындағы қаражат «Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мына бағытта бөлінсін:

- Ақсай қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтар полигонында өрт шығуының алдын алу үшін 11 500,0 (он бір миллион бес жүз) мың теңге;
- Аудандық маңызы бар KL-BR-8 «Ақбұлақ» ауылына кірме жолының (0-15 км) көктемгі су тасқыны кезінде шайылған учаскелеріне су өткізу құбырларын орнату үшін 20 091 (жиырма миллион тоқсан бір) мың теңге.

2. «Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Шамғонова) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Имашевқа жүктелсін.

Аудан әкімі **Е.Ихсанов**